

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
Балалар жасындағы стоматология және ортодонтия
пропедевтикасы

СӨЖ

Тіс-жақ жүйесінің дамуы және деформациясы
қалыптасуына тамақтанудың рөлі.

Орындаған: Қазақбай Б.А

4001 топ

Тексерген: Мухтарова К.С

Қарағанды 2016



Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

- ✓ Сілекей мен ауыз қуысы сұйықтығының құрамы
- ✓ Ауыз сұйықтығының тұтқырлығы
- ✓ Тамақтанудың маңызы
- ✓ Жүктілік кезінде рационалды тамақтану
- ✓ Табиғи тамақтану
- ✓ ТЖА дамуында тамақтану рөлі

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе

Тіс саулығы, тіс аурулары мен тістің күтімі туралы. «Ас адамның арқауы» дейді қазақ. Демек, адамның ассыз күні жоқ. Ауызға түскен қатаң астың қандайын болса өңдеп, баптайтын тіс. Олай болса, адам өмірінде тістің атқаратын рөлі орасан зор болып келеді. Дұрыс шайналмай жемесе шала шайналып желінген тағам асқазанды бұзады, одан әрі түрлі ауру жамыла береді. Тіс – адамның көркі. Тіссіз адамның бет әлпеті бұзылады, еріндері жымырлап, азу тістері болмаса ұрттары ішке кіріп, ауызы опырылып тұратынын көргенде сау адамның зығыры қайнайды. Тіс сөз сөйлеуге ерекше әсер етеді. Күрек тістер түскен адамдардың сөздері анық айтылмайды, сондықтан да түсініксіз болады. Тіс адам өмірінде екі рет шығады. Алғашқыда 20 сүт тісі шығады. Олар дені сау сәбилерде алты айдан бастап екі жарым, кейде үш жасқа дейін шығып болады. Кейін сүт тістер орнына кәдімгі тұрақты 28 – 32 тістер шыға бастайды.



Сілекей мен ауыз қуысы сұйықтығының құрамы.

Сілекей — сілекей бездерінен ауыз қуысына бөлінетін секрет. Сілекей шығару өзектерінен алынған сілекей, аралас сілекей немесе ауыз қуысы сұйықтығы деп бөлінеді. Соңғысының айырмашылығы, секреттен басқа, құрамында олардың өмірге қажетті өнімдері, десквамирленген эпителий, сілекей денешіктері (лейкоциттер) қызыл иек эпителиіне бекуі арқылы ауыз қуысын мигрирлейтін микроорганизмдер болады. Сонымен қатар, онда тағам қалдықтары болуы мүмкін.

Тұтқырлық — көлемі өзгерген және сілекейдің сақтау шамасы бойынша ол біртіндеп төмендейді. Сілекейдің өзектен алынғаннан кейін, дереу Осфальд әдісі бойынша өлшенген тұтқырлығы 1,2 – 2,4 бірлік құрады. Сілекей тұтқырлығы жоғары адамдарда тістерінің кариеспен зақымдануы интенсивті.



Сілекей мен ауыз қуысы сұйықтығының құрамы.

Ересек адамдарда тәулігіне 1500 мл шамасында сілекей бөлінген. Бірақ секреция жылдамдығы әр түрлі факторлардың әсеріне байланысты бірдей мөлшерде емес: ересек жаста (55 – 60 жастан кейін сілекейдің бөлінбеуі баяулайды), нерв қоздырғыштары, тағам тітіркендіргіштері. Адам ұйықтап жатқанда, сілекей өте аз мөлшерде бөлінеді (0,05мл/мин), жүрген кезде – 0,5 мг/мин, ал стимуляция кезінде – 2,0 – 2,3мг/мин – қа дейін бөлінеді. Сілекей бөлінбеудің жылдамдығы тістердің кариеспен зақымдануымен байланысты: сілекей қаншалықты көп бөлінсе, тістер соншалықты кариеспен зақымданады.



Сілекей мен ауыз қуысы сұйықтығының құрамы.

Ауыз қуысы сұйықтығында органикалық компоненттер көп мөлшерде кездеседі. Оның құрамында протеиндер, көмірсулар, бос аминқышқылдар ферменттер, витаминдер және т.б. заттар бар. Негізгі органикалық зат болып ақуыз табылады. Сілекейде ақуыз мөлшері 0,8 — 3,0 г/л. құрайды. Ауыз қуысы тіндерін қалыпты жағдайда ұстап тұруда маңызды роль атқаратын ферменттер, гликопротеиндер, муцин сілекей безінде синтезделеді.. Сілекейдің мөлшері мен сапасы негізінен мына факторларға байланысты болып табылады.



Ауыз сұйықтығының тұтқырлығын анықтау

- Ауыз сұйықтығының тұтқырлығын анықтау Освальд вискозиметрі арқылы жүргізіледі. Вискозиметрді капиллярлы ұзындығы 10 см және диаметрі 0,4 мм қолданған ыңғайлы. 0,3 г пилокарпина қышқылының 5 тамшысын 15 мл суда ерітіп, сұйықтықтың бөлінуін стимулдейміз. Одан кейін жиналған 5 мл сұйықтықты зерттеуге алынады. Зерттеу нәтижесі нақты болу үшін вискозиметрге салмас бұрын сұйықтықты 37°C суға енгізіледі.
- Тұтқырлықты анықтау формуласы: $V = t_1 / t_2$
 t_1 — сұйықтықтың вискозиметрия уақыты ;
 t_2 — судың вискозиметрия уақыты
 V орташа есебі 1,46 (1,03—3,74)



Тістің беткі қабатының анатомиялық қасиетіне:

- Тіс кіреукесінің фтор мөлшерімен қанығуына, одан бөлінген фторapatит қышқыл әсеріне төзімді болып келеді.
- Ауыз қуысының тазалығына: тісті қағынан тазартып отыру тіс жегісінің алдын алудың бір жолы болып табылады.
- диеталық фактор: жұмсақ, көмірсуға бай тамақ тіс қағының пайда болуына әкеліп соқтырады. Витаминдер мен микроэлементтердің мөлшеріде ағзаның жалпы күйіне және әсіресе сілекейдің құрамына әсер етеді.
- сілекейдің мөлшері мен сапасына: сілекейдің тұтқыр аз мөлшердегі түрі өзіне бактерияны тұтып алып, тіс жегісінің пайда болуына жағдай жасайды. Тіс кіреукесінің тіс жегісіне қарсы тұруында сілекейдің буферлік қасиетінің маңызы зор.
- генетикалық фактор
- ағзаның жалпы күйі



Тамақтанудың маңызы

- Жүкті ананың тамақтануы
- Тісжегіге қарсы болуы үшін
- Тісжегіге төзімді болуы үшін
- Неона-тальды тамақтануы
- Тістің дұрыс дамуымен қалыптасу үшін



Тамақтанудың қалыпты жағдайдағы рационында болуы керек:

1 Сүт өнімді тағамдар

2 Жеміс және жидектер

3 Минеральды заттар


4 Дәрумендер кешені





Жүктілік кезеңінде, профилактикалық іс шара ретінде, анаға деген рационалды тамақтану

Жүктілік кезеңінің алғашқы триместрінде ананың тамақтануы өте маңызды, себебі осы уақытта негізгі баланың мүшелерінің дамуы, соның ішінде тіс жақ жүйесінің қалыптасуы жүреді. Жүкті ана толыққанды ақуыздар, көмірсулар, майлар, микроэлементтер мен минералдарды физиологиялық мөлшерде қабылдау қажет. Ананың тәуліктік рационында 110 г ақуыз, 75 г майлар, 350 г көмірсулар қабылдау қажет, бұлардың барлығы бірігіп 2400-2700 ккал энергия сақтап, жүкті ананың толыққанды қажеттілігін толықтырып және асқазан ішек жолдарының жақсы жұмыс істеуіне әсер етеді. Анасының тағамға деген дәмі өзгерген жағдайда қышқыл орамжапырақ, тұздатылған қиыр, балық және оның уылдырығын қабылдауға болады. Жүктілік кезінде тамақтану рационынан сахароза және оны алмастырушы заттарды пайдаланбаған жөн.



Табиғи тамақтандыру

Табиғи тамақтану тіс жақ жүйесінің қалыптасуында жетекші рөл атқарады. Баланы емізу, оның бұлшақ еттерінің дұрыс жұмыс істеуіне әсер етеді.

Ананың сүті барлық ақуыз, майлар мен көмірсілардың балансталуды арқасында баланың тамақтануының ең қажетті тамақ болып табылады. Тамақтану барысында сүт баланың жақтарымен әсерлесе отырып, оның болашақта жақтыраның дамуына әсер етеді. Жасанды тамақтану барысында бұлшық еттердің жұмысы өзгеріп, олар алвеола доғаларының дамуына әсер етеді. Бұдан сақтану үшін жасанды тамақтану техникасын сақтап, дұрыс өткізу керек.



Баланың туылғаннан кейінгі тамақтану әдісі

Нәресте төменгі жағының дистальды бағытта орналасқан түрінде туылады (физиологиялық ретрогения). Нәрестенің сору актысы шайнау бұлшықетіне көп күш түсіреді . Осы функциональды шайнау және интенсивті түрде төменгі жақтың алға қарай жылжуы лактация кезінде нәрестеде тістердің нейтралды орналасуына әкеледі. Жасанды тамақтандыру техникасын дұрыс сақтамау және жасанды сүт ұнтақтарын пайдалану балаланың дұрыс тамақтанбауына және әлсіреуіне әкеледі, яғни бала сору кезінде көп күш жұмсауына байланысты.



Баланың туылғаннан кейінгі тамақтану әдісінің бұзылысы

Баланың туылғаннан кейінгі тамақтану әдісін дұрыс сақтамау және тамақтың құрамының рациональды болмауы алып келеді:

- ✓ Тіс-жақ жүйесінің деформациясына;
- ✓ Тіс-жақ жүйесінің қалыптасуының бұзылысына;
- ✓ Тістем аномалиясына;
- ✓ Тіс доғасының деформациясына;
- ✓ Тіс жегіге;
- ✓ тіс ұрықтарының дамуының аномалиясына;
- ✓ Тісті ерте жұлуға алып келеді



Жалпы терапиялық жұмыстар

Жаңа туылған баланың иммунитетін жоғарылату және профилактикалық іс шаралар жүргізу мақсатында жалпы терапиялық жұмыстар жүргізіледі. Олар тіс жақ жүйесінің ауықуларын алдын алу мақсатында жүргізіледі. Стоматолог және педиатр дәрігер бірігіп балада гипотрофиялық аурулар (рахит), асқазан ішек, инфекциялық, вирусты және созылмалы ауруларды анықтап, емдеу іс шараларын жүргізеді. Жас баланың ағзасында зат алмасу процесстерін жақсарту мақсатында рационалды тамақтану тағайындалады: сүт өнімдерін, минералды заттар мен витаминдерді қоса пайдалану жүргізіледі. Сүйектерінің синтезін стимулдеу мақсатында балаларда кальций және фосфор препараттары тағайындалады. Бұл препараттар бір ай бойы аптасында 3 рет ішке қабылданады.





Тағамның құрамы

Балаларды жұмсақ тағаммен тамақтандыру, интенсивті шайнауды қажет етпейтін, балаларда шайнауға деген «еріншектік» дамиды. Бұл шайнау бұлшықетінің дамымауына әкеледі, және альвеолярлы өсіндінің дамымауымен жалғасын табады. Бұндай шайнаудың дамуы уақыты жұмсақ тамақтан қатты тамаққа ауыспау болып табылады, бұл уақытша тістемнің қалыптасуымен сәйкес жүреді. Кейіннен шайнау бұзылысы тістердің шығу уақыты мен оның реттілігінің бұзылысына алып келеді.

Жұмсақ және клейлі тағам тіске жабысады және дұрыс тазаланбайды, одан әрі қарай кариозды ауруларға жағымды орта қалыптастырады және осымен байланысты уақытынан ерте сүт тістердің экстракция алып келеді.




Өте қатты тағамдар

Көп жағдайда ата-аналар балаларын тым ерте қатты тағамдармен тамақтандыра бастайды. Балаларға ерте айларда қатты тағам берге болмайды, ең болмағанда жарты жыл өткен соң жайлап беруге болады. Сонымен қатар тек алты ай өткен соң жаймендеп қаттылау тағам бере бастауға болады. Зерттеулер бойынша 93 пайыз жағдайда аналар балаларына ерте айларында қатты тағам бере бастайды, соның ішінде олар көбіне жас аналар болып табылады. Бұлай қатты тағаммен тамақтану балаларда тіс түбірінің ерте резорбциясына әкеледі, яғни сүт және тұрақты тістемде.



Тістің шығуымен сақтауына алмастырылмайтын заттар:

- ✓ Кальций
- ✓ Витамин D
- ✓ Фтор



Кальций

Кальций тіс-жақ сүйектерінің құрылыс материалы болып табылады, сонымен қатар тістің шығуымен тісті сақтау үшін. Ересек адамға күніне 1 грамм кальций қолданған дұрыс, жүктілік кезде оған деген ұсыныс 2 граммға жоғарлайды. Бұл элемент көбіне сүт тамақтарда, бірақ организмге D витамині түрінде түседі.





Д дәрумені

Д дәрумені барлық тамақ құрамында болады , мысалы, балықта, сонымен қатар организмнің өзінен пайда болады ультракүлгін сәулесімен ауа жұтқанда. Бұл дәрумен майда ериді, сондықтан майдан тұратын тамақ құрамында болады. Бір жасқа дейінгі балаларда бұл дәрумен жоқ, соның әсерінен балаларда рахит және тістің шығуы баяулайды.





Фтор

Бала организмi осы минеральдi заттың микроөлшемiн қажет етедi , бiрақ осы фтор тiс-жақ жүйесiнiң дамуына және тiстiң шығуына көп әсер етедi. Фтор шай құрамында, нан тағамдарында ұннан жасалған, етте, крупада , сонымен қатар минеральды суда. Бiрақ есте ұстаған абзал егер фтор тағамда шамадан тыс көп болса тiс кiреукесiнiң бұзылысына әкеледi. Флюоороз сияқты ауруларға әкеледi, яғни тiсте тiсжегiлi дақтың пайда болуына.





Қорытынды

Тіс мықты болу үшін, өзге мүшелердей, оның өзі де жұмыс істеуі керек. Ол үшін күнделікті тағамда шайнап жейтін қатқыл тамақ болуы да қажет. Қазақ арасында тістері бүтін қарттардың жиі кездесетінін себебі, олар жұмсақ тамақтан гөрі шайнамалы қатқыл тамақты, яғни кесек – кесек ет, ірімшік, құрт, таба нан, тары, бидай және тағыда сол сияқты тағамдарды көбірек пайдаланады. Егер ауызды толтырып жақсы шайнаса, тіс щеткелегендей әбде тазалаады. Адам тамақты тек бір жағымен шайнаса, екінші жағындағы тістерге шоғырланып тас жабысады. Ендеше асты екі жақпен бірдей кезек – кезек шайнау тістердің тазалығына, мықтылығын, беріктілігін арттырады деп түсіну керек. Балалардың тістері ауырмаса да жылына екі – үш рет қаралып, бұзыла бастаған тістері кезінде емделгені жөн. Ересек адамдар да тісін күтіп, жатар алдында тіс пастасымен щеткілеп тазартып жатқаны дұрыс. Тамақ ішкеннен кейін ауызды шайып, жылына екі рет тісті дәрігерге көрсетуді әдетке айналдыру қажет.



Пайдаланылған әдебиеттер

- Н.Г.Аболмасов , Н.Н. Аболмасов
Ортодонтия 2008.
- Э.А.Базикян Пропедевтикалық
стоматология 2015
- Л.С. Персин Ортодонтия 2015ж
аударылған.

